

"Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында
«Салауатты отбасы-салауатты ұлт», «Тәлім және тәрбие»
кураторлық «мастер-класс» сағаты

19 қараша күні ТЖМЖС кафедрасы МАШ16-1п тобында «Салауатты отбасы-салауатты ұлт», «Тәлім және тәрбие» тақырыбында профессор К.Т. Шеровтың кураторлық «мастер-класс» сағаты өткізілді. Кураторлық «мастер-класс» сағатына МАШ16-1п және МАШ17-2 тобының студенттері, МФ деканы, «Технологиялық жабдықтар, машинажасау және стандарттау» кафедрасының оқытушылары және магистранттары, «Нанотехнология және металлургия» кафедрасының оқытушылары, жастар саясаты департаментінің қызметкерлері қатысты.

Кураторлық «мастер-класс» сағаты тақырыбының негізгі мақсаты Елбасы Тұңғыш Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының аясында, халық даналығы, ата-бабаларымыздан қалған нақыл-насихат сөздердің, ұстанымдардың жас отбасылар үшін және олардың отбасы құндылықтарын терең ұғынулары үшін өте маңыздылығын атап көрсету.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы «Отбасы құру» институтының қызметі, оны одан әрі өрбіту өзектілігі туралы түсініктер беру. Салауатты отбасы, салауатты ұлт, тәлім мен тәрбие бұлар бір-бірінен ажыратуға болмайтын ұғымдар мен ұстанымдар екендігін жастарға ашып көрсету болып саналады.

Кураторлық сағатын өту барысында Қазақстан Республикасы және көрші елдерде жас жанұялардың ажырасу статистикасы келтірілді және ажырасумен қалай күресуге болады, неке бұзылғаннан кейінгі бала тәрбиесі, ажырасудың қоғамға әсері туралы проблемалар бойынша пікір талас жүргізілді.

Қазақстан Республикасы «Отбасы құру» институтының жұмысы туралы айтып өтілді. «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы туралы мәлімет берілді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2013 жылы қоғамда отбасы құндылығына назар аударту, ата-ананың баласы алдындағы, баланың әкешесі алдындағы жауапкершілігінің маңыздылығын арттыру мақсатында «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын мемлекеттік деңгейде өткізу туралы Жарлыққа қол қойғандығын, содан бері әр жылы осы конкурс ұйымдастырылып келе жатқанын айтты. 2014 жыл және 2019 жылдар арасында «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының жеңімпазы болған жанұялар туралы мәлімет берілді.

Рухани жаңғыру, халық даналығы, ата-бабаларымыздан қалған нақыл-насихат сөздерді слайд арқылы қазақ және орыс тілдерінде көрсетіп, олардың мағынасы және маңыздылығы жете түсіндірілді.

Сондай-ақ, жанұяларда болатын әр-түрлі жағдайлар және отан отбасынан басталады тақырыбы бойынша видеокөріністер көрсетілді. Видеокөріністердегі оқиғалар келесі халық мақал-мәтелдері мен даналық сөдерін дәлелдегендей болды: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны істейсің», «Не

ексең соны орасың», «Атаңа не істесең алдыңа сол келеді», «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада». Әрқайсы видеокөріністің мәні мен мағынасы аудиториямен талқыланды.

Кураторлық «мастер-класс» сағаты Маш 16-1п тобының студенті жас ақын Құмар Бейбіттің «Салауатты отбасы-салауатты ұлт» тақырыбына арналған өлең шумақтарымен аяқталды.

Топ кураторы профессор Шеров К.Т., машинажасау факультеті деканы Ерахтина И.И., кафедра аға кураторы Имашева К.И., Ақсақалдар Кеңесінің мүшесі Сейденова Г.А. лардың қорытынды сөздері тыңдалды.

Ақсақалдар Кеңесінің мүшесі Сейденова Г.А. және Жастар саясаты департаментінің қызметкерлері бұл кураторлық сағатының материалдарын ҚарМТУ қазақ топтарында көрсету қажеттігін атап көрсетті.





